

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

жүрсін деп, әдейі осылай деп қойыпты. Бүкіл ауылдың менің атымды атай алмай тосылып қалғанына әуелгіде мәз болған әлгі ағамыздың қуанышы ұзаққа бармапты, ойы ұшқыр жеңгелеріміз үлкен әжелеріне ұқсатып, мені «Әже» деп атап кете барыпты. Бір жасымда әже болғам, содан күні бүгінге дейін әжемін, ал, сіз мені қарындас дегіңіз келеді!».

Кез келген халықтың өсіп-өркендеуі жас ұрпақтың шаңырақ көтеріп, отбасы құруына байланысты екені белгілі. Халық даналығы бұл туралы «Адам ұрпағымен мың жасайды» деп тұжырымдайды. Мәңгі жасағысы келетін халық, атадан балаға ауысатын қара шаңырағын көзінің қарашығындай қорғап, ізгі дәстүрлердің ұрпақтан ұрпаққа ауысуын үнемі қалт жібермей, қадағалап отырады.

Отбасылық салттағы: авункулат, кувада секілді көне түсініктер сілемінің көркемдік мәні мен тұсау кесу, бала асырап алу, қонақ күту рәсімдері және отбасындағы әке, ана, келін, қыз, ұл ұғымдарының фольклорлық тұрғыда көріну сипаттары да шығарманы ұлттық реңін күшейте түскен.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. Алматы, 1985. 174-б.
2. Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Ташкент, 1889. С. 259.
3. Арғынбаев Х. Қазақ халқындағы семья мен неке. Алматы, 1973. 108-б.
4. Алтынсарин Ы. Екі томдық шығармалар жинағы. Алматы, 2003. 1-т. 122-б.
5. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. Алматы, 1984. 76-б.
6. Мағауин М. Қыпшақ аруы. Алматы, 2007. 42-б.
7. Мұқай Б. Өмірзая. Алматы, 1998. 468-б.
8. Исабеков Д. Бес томдық шығармалары. Алматы, 2003. 2-т. 343-б.

«ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР» ЖЫРЫНДАҒЫ ЗАТ ЕСІМДЕРДІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ТОПТАРЫ

Шолакова Аяжан Кенжебаевна

Aya_kenzhebaevna@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ филология факультеті «филология: қазақ тілі»
мамандығының

3-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д. Сыздықова Гүлбаршын Олжабайқызы

Ескі мәдени мұрамыздың ескерткіші ретінде сақталған қаһармандық эпостарымыздың бірі – «Қобыланды батыр» жыры – көркемдік биік қасиеттері жағынан дүниежүзі халықтарының белгілі қаһармандық эпостарының қатарында тұрған классикалық шығарма.

Ғалым М.Ғабдуллиннің «Қобыланды батыр» жыры жайында 1946 жылы қорғаған диссертациясы кейін тағы да толықтырылып, жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы ретінде жазылған «Қазақ халық ауыз әдебиеті» деген кітабына негізгі бір тарау болып енеді [1.18]. Жырдың нұсқалары жөнінде М.Ғабдуллин: «Қобыланды батырдың» қолда бар он екі вариантын мазмұнына қарай салыстырғанда, екі тақырыпқа бөлуге болады. Біріншісінде, Қобыландының жас шағынан бастап қартайғанға дейінгі ерлік өмірі, қызылбастармен күресі суреттеледі. Бұл әңгімелер Марабай, Мергенбай, Біржан айтқан жырлардың негізгі мазмұны болады. Екіншісінде, батыр қарамағындағы ел-жұртын хандардан, олардың зәбір-зомбылығынан қорғап отырады; Қобыланды батыр сол хандарға қарсы күреседі. Мұны біз Нұрпейіс, Айса, Мұрын жырларынан көреміз», - десе, Ә.Қоңыратбаевтың «Қазақ фольклорының тарихы» атты еңбегінде: «Қобыланды жырының 29 нұсқасы болса, соның ортасында Марабай сюжеті тұрады. Онда Қобыландының қияттарға еріп, Қызылбас ханы Қазанды, одан соң Көбіктіні өлтіруі, Қарлығаны олжалау, ең аяғында

өзі жорықта жүргенде елін шауып кеткен Алшағыр ханмен соғысып, ел-жұртын азат ету оқиғалары суреттеледі[2.145]», - делінген.

Қазақ тілтану ғылымының атасы – А.Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде батырлар жырының бір адамның сөз болуынан шығып, мың адамдікі, жұрттікі, ұлттікі болу себептерін айтып, “Қобыланды батыр”, “Алпамыс батыр” сынды жырларды мысалға алады [3.109]. Ал ғалым Р. Сыздықова ауыз әдебиетінің эпос сияқты ең бір қомақты үлгілерін «тудырушылар да, сақтап таратушылар да» жыраулар болғандықтан, батырлар жыры циклі мен XV–XVII ғасырлардағы ақын-жыраулар шығармаларының «арасында үлкен іліктестік» байқалатынына назар аударады. Ғалымның пайымдауынша, «Қобыландыдағы» *тұлпар мініп ту алған, жара қатты, жан тәтті*, «Ер Тарғындағы» *оза шауыл олжа алған, ертеңнен шапса кешке озған, ылдидан шапса, төске озған* тәрізді жеке тармақтармен берілген образдар жыраулар үлгілерінде де кездеседі. Ал батырлар жырларының барлығында дерлік үнемі қайталап отыратын *қатуланып қаттанып, буырқанып бұрсанып, мұздай темір құрсанып* немесе *туырлығын тоқым қып, керегесін отын қып* деген штамптар жырауларда да жиі кездеседі[4.45].

Тіл білімінде тематикалық немесе тақырыптық топ және лексико-семантикалық топ деген екі термин қатар кездеседі. Зерттеушілердің көбі тематикалық топқа бөлгенде лингвистикалық принциптерден гөрі, заттардың табиғи белгілері, объективтік қатынастары т.б. белгілерін негізге алады. Ал лексико-семантикалық топтастыруда сөздердің лексикалық мағынасына негізделе отырып, сөздердің антонимдік, синонимдік мағыналарына назар аударылады. Мұндай топтар «Қобыланды батыр» жырында да молынан қолданылады. Соның бірі – жырдағы зат есімдердің тақырыптық топтары.

Ғалым М.Оразов қазақ тіліндегі зат есімдердің мынандай тематикалық топтарын бөліп көрсетеді [5.191]:

1. Туысқандық терминдер: *ата, ене, ана, бала, қыз, қарындас* т.б.
2. Дене мүшелері атаулары: *бас, көз, құлақ, қол, аяқ, бе, арқа* т.б.
3. Киім-кешек атаулары: *тон, шапан, қалпақ, тақия, жейде* т.б.
4. Төрт түлік мал атаулары: *сиыр, қой, тоқты, саулық, тұсақ* т.б.
5. Жабайы аң атаулары: *елік, киік, құралай, марал, құлан, жайран* т.б.
6. Құс атаулары: *қаршыға, бүркіт, қарлығаш, үйрек, қаз* т.б.
7. Ыдыс-аяқ атаулары: *пияла, кесе, зере, леген, шара* т.б.
8. Ауру атаулары: *тұмау, көкжөтел, маңқа, лоққы, сүзек* т.б.

Осы тұжырымды негізге ала отырып, «Қобыланды батыр» жырындағы зат есімдерді лексико-семантикалық жағынан шартты түрде мынадай бірнеше тақырыптық топқа бөлуге болады.

1. Кісі есімдеріне қатысты атаулар: *Қобыланды / Қобылекең, Тоқтарбай, Қарлығаш, Қамқа, Қаршыға, Естеміс, Көктім Аймақ хан, Құртқа, Қызыл ер, Қазан ер, Сейіл, Қараман, Көбікті хан, Ашағыр хан, Орақ батыр* т.б.
2. Туыстық атаулар: *Ата, бала, ұл, қыз, қарындас, жар, көке, құда, ана, атажан*;
3. Ру атына байланысты атаулар: *Қыпшақ, Тінекей, Ноғай*;
4. Жер атаулары: *Көздікөл, Қараспан, Қызылбас, Ноғайлы, Қырлы қала, Сырлы қала, Сары өзен*;
5. Өсімдік атаулары: *бетеге, майқара, жусан, көдеге*;
6. Жан-жануар атаулары: *арыстан, тазы, киік, бөрі, жолбарыс*;
7. Төрт-түлік мал атаулары: *жылқы, бие, тұлпар, құлын, Буырыл тұлпар, құлан, Тайбурыл, қой, Ақмоншақ ат, Тарлан ат*;
8. Құс атаулары: *көкқұтан, дуадақ, жек, Ақ қарабас, Лашын, Ебелек*;
9. Адамның дене мүшелерінің атаулары: *жүрек, көз, қол, омыртқа, тіл, табан, бел, аяқ, өкпе, бауыр, маңдай, иек, білек, мойын, желке, шеке, кіндік, бөксе, кеуде, тізе*;
10. Діни ұғымдар атауы: *Пайғамбар, Алла, құдай, әулие*.
11. Мезгіл, уақыт атаулары: *жаз, қыс, намазшам, құтпан мезгіл, уақыт, сәске*;
12. Титулдық атаулар: *төре, патша*;

13. Қарату мәнінде қолданылатын есімдер: *Шырағым, Сұлтаным, Құрдасым, Жолбарысым, Жолдасым, Батырым, Құдайым, Жалғызым, Қозым;*
14. Астрономиялық атаулар: *көк (аспан мағынасында), ай, аспан, күн, Шолпан жұлдыз, әуе;*
15. Үй және үй жиһаздарына қатысты атаулар: *төсек, босаға, ақ отау, есік, отын;*
16. Құрал-жабдық атаулары: *садақ, жебе, арқан, қамшы, сауыр, қару, семсер, оқ, найза, терлік, шоқпар, сүңгі;*
17. Киім-кешек атаулары: *бөрік, дулыға т.б.*

Жырда *көз, қол, аяқ, мойын* сияқты зат есімдер өзара ешқандай семантикалық байланысқа ие болмаса да, олар адамның дене мүше атаулары тобына жатады. Мысалы, «*Нұрына тойып төнгені, **Көзі** көрмей өңгені, Іздеген теңім келді деп, Патшаға салып жеңгені*», - бұл үзіндідегі **көз** – дене мүшесі атауы; «*Қаршығасы **қолында**, Тазысын ерткен соңында*», - бұл үзіндідегі **қол** – дене мүшесінің атауы. Ал, *әуе, көк* сөздерінің арасындағы семантикалық байланыс аталған зат есімдердің семалық құрамындағы аспан ұғымын білдіретін мағынамен айқындалады. Мысалы,

*«Әуеге қарап есінен,
Ием бе деп кісінен»;
«Қыс қыстауы – Қараспан,
Қараспан **көкке** таласқан».*

Жырда қолданыс тапқан *әйел, ана, бәйбіше* зат есімдерінің лексикалық мағынасының құрамында әйел адамға қатысты қолданылатын мағыналық элемент бар. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде *әйел* сөзіне: 1. *Адам баласының ұрғашы жыныстылары. 2. Жұбай, зайып, қатын*» деген сипаттамалар берілсе, *ана* сөзіне: «1. Балалы болған әйел, туған шеше. 2. Жалпы шеше, шеше құралпы адам; бәйбіше сөзіне: «Көп әйел алған адамның алғашқы, бірінші әйелі. 2. Егде тартқан, жұрт сыйлайтын, қадірлі әйел» деген сипаттамалар келтірілген [6.84]. Берілген анықтамалар бойынша, *әйел, ана, бәйбіше* сөздерін туысқандық атауды білдіретін тақырыптық топтың ішінде әйел адамға қатысты топқа жатқыза аламыз.

Қазіргі кезде антоним, синонимдерді мағыналық байланыстарына қарай топтастыру да кездеседі. Сөздерді антонимдік қатарға енгізгенде ескерілетін нәрсе – сөздердің лексика-семантикалық сипаты. Антонимдер бір сөз табына енетін сөздер аралығында болады да, бір лексико-семантикалық топтың құрамында ғана өмір сүреді [5.147]. Мысалы:

*«Халықтан асқан болды **бай**.
Байлығында есеп жоқ»;
«**Кедейі** байға теңеліп,
Риза болды бәрі де
Қобыланды сынды еріне...»;*

Келтірілген үзіндідегі **бай, кедей** зат есімдері тура мағынада өзара антонимдік байланысқа түсіп тұр.

Антонимдерді мағынасына қарай топтастырғанда мына нәрселерге баса назар аудару шарт. Біріншіден, сөздер антонимдік қатардың сыңары ретінде қолданылған кезде тура мағынасында тұр ма, ауыспалы мағынасында тұр ма деген сұраудың басын ашып алу керек, екіншіден, антоним болатын сөздердің тұлғалық құрамына да көңіл аудару керек [5.144]. Мысалы, туысқандық атауларды алып қарайық. Бір топ ғалымдар ана-ана, ұл-қыз, еркек-қатын сияқты зат есімдерді антоним деп есептесе, екінші бір топ ғалымдар оларды антоним деп санамайды. Ғалым М.Оразов ата-ана антоним болмайды деген пікірді қолдайды, бірақ күнделікті өмірде олар бірі екіншісіне қарама-қарсы қойылып айтылатындығын жоққа шығармайды. «Қобыланды батыр» жырында ата-ана зат есімдері мына үзінділерде қолданыс тапқан: «***Атасы** мұның Тоқтарбай, Айдалып бағып жайылды*», «*Бағып тұрған **анасы**, Күтіп тұрған **анасы**, Өзі әйелдің данасы*».

Сөздерді тақырыптық топтарға топтастырғанда, олардың арасындағы бір байланыс негіз етіп алынады. Сондықтан да туысқандық атауларын: а) қандық туысқандық (*ата, бала,*

қыз, немере т.б.) ә) некемен байланысты атаулар (*келін, құда, балдыз, қайын* т.б.) деп бөлуге болады[5.175].

«Қобыланды батыр» жырында қандық туыскандық және некемен байланысты атаулар да өз алдына дербес бір тақырыптық топ бола алады. Мысалы:

*«Анамның айтқан өсиеті
Болады кәміл барлығы»;
«Ұйқыңды бұзба, атажан,
Мал иесі жануар
Жем жеймін деп келінті»;
«Қыздың аты Қарлығаш,
Қобыландыға қарындас»;
«Батасын беріп қол жасайып,
Жад қылады құданы».*

Сөз мағынасын айқындауда тілтанымда *семдік талдау* термині қолданылып жүр. Сөздің мағыналық құрылымындағы семалардың белгілеріне қарай жіктелісі жасалғанымен, семаларды жіктеуде және түсіндіруде ғалымдар арасында әртүрлі пікірлер кездеседі. Мәселен, М.И.Гак семаны архисема, дифференциалды сема, потенциалды сема деп үшке бөліп, олардың мағынаны қалыптастырудағы рөлін басшылыққа алады. И.Кучкартаев түркі тілдеріндегі сема мен семемаға түсінік беріп, сөз мағынасындағы семаларды үшке бөледі: 1) идентификациялы сема; 2) дифференциалды сема; 3) қосымша сема. Қазақ тіл білімінде М.Оразов сөз мағынасын талдауда әртүрлі бағыттар мен көзқарастардың барын айта келіп, семалардың архисема мен дифференциалды сема деген екі түрін ажыратып көрсетеді. «Біз архисема (жалпылаушы сема) бірнеше сөздерге ортақ сема болып саналады да, сөздерді белгілі бір лексикалық-семантикалық топқа топтастырып тұрады; ал дифференциалды сема жеке сөздердің өздеріне тән болады да, оны сол лексикалық-семантикалық топтың басқа мүшелерінен ажыратып тұратын, сөздердің жеке дербестігін қамтамасыз етіп тұратын сема деген қағиданы қолдаймыз» [5, 185 б].

Сөздерді тақырыптық топтарға бөлуге жалпылаушы сема негіз болады, ал айырушы сема сол топтың мүшелерінің жеке-дербес топ жасауына жағдай жасайтын сема болып есептеледі. Жеке сөз таптарын лексико-семантикалық топтарға бөлу дәстүрі басқа тілдерде қалыптасқан болса да, түркі тілдерінде әлі толық ондай топтарға бөлініп зерттелінген жоқ [5.189].

Шындық болмыстағы заттардың жаратылысына тән ортақ белгілері мен айырмашылықтары болатындығы белгілі. Демек, сөздердің семантикалық құрылымын анықтауда жалпылаушы сема мен даралаушы семалардың болуы заңды құбылыс. Жырдағы *құлын, тай, жабазы* семалары – даралаушы семалар болса, жалпылаушы сема – *жылқы малының жасы*. Сол сияқты *көкқұтан, дуадақ, жек* сөздерінің семасы – даралаушы сема болса, *құс* – оның жалпылаушы семасы. Жалпылаушы сема сөздердің белгілі бір лексика-семантикалық топтарға бөлінуіне негіз болса, айырушы сема сөздердің жеке-жеке өмір сүруіне негіз болады.

Қазақ тілінде мұсылман дініне қатысты діни ұғымдарға көбіне араб-парсы тілдерінен енген сөздер жатады. Мысалы: *әулие, құдай, садақа, тамұқ, жұмақ, ол дүние, бұл дүние, берісте*. Бұл атаулар «Қобыланды батыр» жырында да кездеседі. Мысалы:

*«Жалғыздарға жар болған
Алланың көп дүр кеңдігі».*

Берілген үзіндідегі Алла сөзі — бір ғана құдай бар екенін білдіретін араб сөзі. Араб сөздіктеріне сүйенсек, "Алла" сөзі "сыйынуға лайықты жалғыз Құдай" деген мағынаға саяды. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде»: Құдай, жасаған, жаратушы. Алла атымен шындыққа көз жеткізу, жұртты сендіру үшін айтылады. Алла жар болсын [жарылқасын] – жорытқанда жолың болсын. Алланың жазуы – құдайдың салғаны. Алла риза болсын - тәңір жарылқасын. Алла тағала – құдіреті күшті құдай» деген анықтама беріледі.

Төрт түлік мал атаулары тобынан жырда *жылқы, бие, тұлпар, құлын т.б.* мал атауларымен қатар *Тайбурыл, Ақмоншақ, Тарлан* секілді жалқы есімдер де қолданылған.

Мысалы:

*«Құртқа сынды сұлуың
Күймеден басын шығарып,*

***Жылқыға** көзін салады.*

*Ортасында **жылқының***

***Көкала бие** жусап тұр –*

*Құртқаның көзі шалады», - деген үзіндідегі **жылқы, бие** сөздеріне «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде»:***1.Жылқы.***Тақ тұяқты ірі қара, төрт түлік малдың бірі. 2. Бие.**Жылқының құлындайтын ұрғашысы»* деген анықтама берілген.

Қазақ халқы уақыт атауларын көбіне табиғатпен байланыстырып, нәтижесінде, тілде *ай туғанда, алғаш қар жасағанда, жер көктегенде, күн арқан бойы көтерілгенде, жұлдыздар өшкенде, күн батарда, күн көтерілгенде, күн еңкейгенде, күн ұясына батқанда, күн күркірегенде, күн төбеге келгенде, қансонарда, қырау түскенде, таң бозарып атқанда, шөп сарғайғанда, жыл құсы қайтқанда, таң сәріде, елең-алаңда* тәрізді атаулар қалыптасқан. Әр маусым ауысқандағы күн мен түннің теңелген уақытын да қазақ халқы өз түсінігі мен дүниетанымына сай *арқардың тас басары, боқырауын, отамалы* тектес атаулармен білдіріп отырған. «Қобыланды батыр» жырында уақыт атауына байланысты *намазшам, құтпан мезгіл, уақыт, сәске т.б.* зат есімдер қолданылған. Мысалы: *«Құтпан мезгіл жеткенде»; «Намазшамнан өткенде»;*

Қазақ халқы өз тұрмысын оңалтып, еңбек ету барысында тұрмысқа ыңғайлы, қолдануға жеңіл құрал-жабдықтар жасап, оларға өз қызметіне қарай атаулар беріп қолданысқа енгізген. «Қобыланды батыр» жырында әлі күнге дейін қолданыстан түспеген *арқан, қамшы* секілді құрал атаулары кездеседі. Мысалы:

*«Алтыс құлаш ала **арқан,***

Қызыл ердің ілулі

Босағада тұр еді»;

*«**Қамшы** салды сауырға,*

Екпіні ұқсап дауылға,

Тобылғы меңді торы атпен

Қобыланды шапты ауылға»;

Жырда заманауи технологияның дамуына байланысты қолданыстан шығып, соған сәйкес көнерген сөздер қатарына енген *сауыр, семсер, найза, терлік, шоқпар, сүңгі* тәрізді құрал атаулары да кездеседі. Мысалы: *«Беліне **семсер** іледі».*

Сонымен, «Қобыланды батыр» жырындағы зат есімдерді семантикалық белгілеріне қарай он жеті тақырыптық топтарға бөліп қарастыруға болады. Жырдағы зат есімдердің семантикалық топтарының сандық көрсеткіші: адамзат есімдері – 55, ғаламзат есімдері – 221, жалпы есімдер – 238, жалқы есімдер – 38, деректі зат есімдер – 231, дерексіз зат есімдер – 45, эмоция-экспрессия реңкі бар зат есімдер саны – 14. Олар мағыналық ерекшелігіне байланысты антропонимдер, туыстық атаулар, ру атына байланысты атаулар, жер атаулары, өсімдік, жан-жануар атаулары, төрт-түлік мал, құс атаулары, адам дене мүшелерінің атаулары, діни ұғымдар, титулдық атаулар т.б. бірнеше тақырыптық топқа топтастырылды. Ең көп қолданылғаны – адамның дене мүшесіне байланысты атаулар, антропонимдер және құрал атаулары.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Нұрмағамбетова О.Ә. Қазақтың қаһармандық эпосы "Қобыланды батыр" Казахский героический эпос "Кобланды батыр".- Алматы: Дешті Қыпшақ, 2003.- 480 б.
2. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы: жоғары оқу орындары филология факультеттерінің студенттеріне арналған оқу құралы.- Алматы: Ана тілі, 1991.- 286б.
3. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер.Алматы: Атамұра,2003.- 208б.

4. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. –Павлодар,2010. – 400б.
5. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы.- Алматы: Рауан, 1991.- 211б.
6. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі.Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов.-Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
7. Бабалар сөзі. Жүз томдық. 37-том. Батырлар жыры / томның редакция алқасы: С. Қосан, С. Қасқабасов, С. Қорабай.- Астана: Фолиант, 2006.- 538.

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНЕ ОРТАҚ СӨЗДЕР МЕН СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ (ҚАЗАҚ, ТҮРІК, ҚЫРҒЫЗ ТІЛДЕРІНДЕ)

Шоқақова Тоты Әділбекқызы
adilbekovna_91@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің 1-курс магистранты
Ғылыми жетекші – ф.ғ.к., доцент Саркенова Қарлығаш Құрманғалиқызы

Түркі әлемі – адамзат өркениетінің алтын бесігі іспеттес. Түркі халқының бай мәдениеті мен терең тарихы бар. Бұл халықтардың тілі, тарихы, сонымен қатар, мәдениеті ортақ. Соның ішінде түркі халықтарын біріктіретін ең бастысы – оның тілі.

Түркі тілдес халықтар, этникалық топтар түркі халықтары деген ортақ атаумен аталады. «Туыстас тілдерді сөз еткенде, ең алдымен, тілдік туыстастық деген ұғым – арғы тегі бір төркіндес немесе бір негізден тараған, ортақ тілдік материалға (лексика, фонетика, грамматика) мұрагер болған тілдерге қолданылады» [1; 130]. Олай болса, түркі тілдерінің бір негізден тараған өзара туыстас тілдер екендігі олардың морфологиялық формалары мен синтаксистік тәсілдеріндегі бірліктен, дыбыстық жүйелері мен негізгі сөздік қорындағы бірлік пен жақындықтан байқалады. Түбі бір түркі халықтарының тілі бір ататілден тарағандықтан оларға ортақ сөздердің болуы да заңды құбылыс. «Түркі тілдеріне ортақ сөздерге бір кездегі жалпытүркілік көне лексикадан сақталып қалған, осы күнгі түркі тілдерінің бәрінде кездесетін сөздер жатады. Сондықтан олар жалпытүркілік сөздер деп те аталады. Жалпытүркілік сөздерден түркі тілдерінің туыстастығын, біртектен шыққандығын көреміз. Түркі тілдерінің туыстығы, сол тілдерде сөйлейтін халықтардың шыққан тегінің бір екендігіне байланысты» [2; 130]. Бұл пікірге сүйене отырып, түркі халықтарының түбі бір екендігін тағы бір мәрте дәлелдей түсетін ол ортақ сөздер немесе жалпытүркілік сөздер екендігін толық сеніммен айта аламыз.

Тілдерді туыстық деңгейі мен қалыптасу кезеңдеріне байланысты жіктеу қағидаларының негізгі лингвистикалық критерийлерін тілдің ішкі заңдылықтарын сипаттайтын фонетика-фонологиялық, морфонологиялық белгілер құрайды. Түркі тілдерін топтастырудың алғашқы қадамы Махмұд Қашқаридің еңбегінен бастау алатыны белгілі. Түркі тілдерінің сан алуан топтастыруларын саралай келе, түркі тілдерін топтастыруда генеологиялық принципті қолданған ғалым Т.Текиннің он екі топқа бөлген жіктемесі негізге алынды. Негізінен фонетикалық принципке сүйенген ғалым алты түрлі дыбыс алмасуын басты критерий етіп алған. Жіктеме бойынша түркі тілдері он екі топқа бөлінген. I топ – чуваш тілі; II топ – халадж тілі; III топ – якут тілі; IV топ – тува, қарағас тілдері; V топ – үш микротопқа бөлінген: 1-топ – хакас тілі; 2-топ – орта чулум, марас, жоғары топ тілдері; 3-топ – сары ұйғыр тілі; VI топ – алтай тілінің солтүстік диалектісі, кондон, төменгі топ тілдері; VII топ – алтай тілінің оңтүстік диалектісі; VIII топ – қырғыз тілі; IX топ – екі микро топқа бөлінген: 1-топ – өзбек тілі; 2-топ – жаңа ұйғыр тілі; X топ – үш микро топқа бөлінген: 1-топ – а)қазақ, қарақалпақ тілдері; ә)ноғай және қарақалпақ тілдерінің халич диалектісі; 2-топ – а)татар тілі; ә)башқұрт тілі; 3-топ – а)барабин татарларының тілі; ә)қарашай-балқар, қырым татар тілінің солтүстік диалектісі, б)өзбек тілінің хорезм диалектісі; в)қарайым тілінің таракай диалектісі; г)қырым татар тілінің оңтүстік диалектісі; д)құмық тілі; XI топ – салар тілі; XII топ – төрт микротопқа бөлінген: 1-топ – а)түрікмен тілі; ә)хорасан диалектісі; 2-топ